

ОКУ ОРЫННЫН ТҮЛЕГІНЕ КАЛАЙ ЖҰМЫС ІЗДЕУ КЕРЕК

Колледж аяқтаған түлектер жұмыспен қамтамасыз ету орталығына келіп, мамандығы бойынша алғашқы тәжірибешіліктен оту үшін «Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша жолдама алуға мүмкіндіктері бар.

Ол үшін төменде көрсетілген құжаттар қажет:

- Жеке куәлік;
- Колледж бітіргені туралы диплом;
- Банкідегі шот;
- Зейнетақы қорымен келісім;
- Медициналық анықтама (086-нысан).

ЖҰМЫС ІЗДЕУ ТУРАЛЫ ТҮЙІНДЕМЕНІ КАЛАЙ ҚҰРАСТЫРУ КЕРЕК?

1. Түйіндемеде (резюме) мәліметтерді ұсынудың келесі тәртібі болу керек:
2. Жұмыс іздеп жүрген мамандық немесе лауазым
3. жасыңыз
4. негізгі және қосымша біліміңіз
5. еңбек отірі
6. Сіз талап еткен еңбек ақы көлемі
7. Қосымша ақпарат (шет тілдерді білуі, компьютер игеруі және т.б.)
8. Жүргізуші куәлігі, қолқаттын болуы, және т.с.с.
9. Нақты ақпараттық тұжырымдарды қолданыңыз

«Жақсы толенетін еңбек», «лайықты еңбек ақы» және т.с.с. тұжырымдамаларды қолданбауға тырысыңыз, Сізге лайықты минималды еңбекақысының көлемін көрсеткеніңіз дұрыс болар.

«Адал», «жігерлі» және т.б. эпитеттерді қолдану дұрыс болмайды. Бұл қабілеттер кез келген қызметкер немесе жұмысқа қажетті, яғни әр жұмыста осы қабілеттердің болуын

дәлелдеуге тура келеді.

1. Жаман шаблондарды колданбаныз.
2. Богде тұлғалардын резюмелерін үлгі ретінде абайлап пайдаланыңыз.
3. Артық создерді пайдаланбаныз:
4. «Жас тұлға», «егде адам» создерінің орнына нақты жасыңызды көрсетініз
5. Тұрақты жұмыс қажетті деп жазбаныз, бұл жағдай сөзсіз де анық.